

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 28 желтоқсан N 1871

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне бағынысты бюджеттік мекемелердің алған астық өнімдері үшін жинақталып қалған қарызын қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1995 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикалық бюджет пен мемлекеттік ресурстардан жіберілген 1994 жылғы өнімнің астығы үшін ақы төлеу жөнінде республикалық бюджетке 10100 (он миллион бір жүз мың) теңге қарызы бар "Ақмола астық өнімдері комбинаты" акционерлік қоғамы арасындағы қарыздың бір жолғы есептемесін жүргізісін;

Ішкі істер министрлігін қаржыландыру есебіне 10100 (он миллион бір жүз мың) теңгені есептеп, аталған соманы бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдерінде көрсетсін.

2. "Ақмола астық өнімдер комбинаты" акционерлік қоғамы аталған есептемені жүргізу есебінен Ақмола облысы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің астық өнімдерін беруші "Ақмола-нан" акционерлік қоғамына 1400 (бір миллион төрт жүз мың) теңге сомасындағы, "Атбасар элеваторы" акционерлік қоғамына 2300 (екі миллион үш жүз мың) теңге сомасындағы, "Ақмола Феникс" акционерлік қоғамына 2200 (екі миллион екі жүз мың) теңге сомасындағы, "Желдорхлеб" акционерлік қоғамына 2500 (екі миллион бес жүз мың) теңге сомасындағы, "Дәулет" акционерлік қоғамына 1700 (бір миллион жеті

жүз мың) теңге сомасындағы кредиторлық қарызын өтейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі астық өнімдері үшін кредиторлық қарызды қаржыландыру кезінде бөлінетін қаражат есебіне есептесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК